

Қауіпсіздік ережесі

ЖАЗҒЫ ДЕМАЛЫС ҚАУІПСІЗДІК ЕРЕЖЕЛЕРІ

- Все
- Gallery Item



ЖАЗҒЫ ДЕМАЛЫС: ҚАУІПСІЗДІК ЕРЕЖЕЛЕРІ







ҚАУІПСІЗ ТЕРЕЗЕЛЕР



- ◆ Балалар әрқашан ересектердің бақылауында болуы керек.
- ◆ Бала үйде болғанда, барлық терезелер жақсы жабылуы қажет.
- ◆ Жиһазды терезелерден алыстау қойыңыз: балалар көбінесе терезенің алдына шығуға тырысады.
- ◆ Терезені жоғарғы жағынан ашыңыз – бұл ыңғайлы және қауіпсіз.
- ◆ Шыбын-шіркейден қорғайтын тор терезеден құлаудан қорғамайды, олар тек жәндіктерге қарсы тосқауыл.
- ◆ Терезелерге арнайы бекіткіштер орнатыңыз: сонда бала терезені аздап қана аша алады.
- ◆ Терезені ашылып кетуден қорғау үшін, бұғаттаушы құрылғыны немесе терезенің кілті бар құлыпты тұтқасын пайдаланыңыз.
- ◆ Балкон мен бөлмеаралық есіктердің алдында балалар үшін жарақат алу қаупі бар.
- ◆ Терезенің жанында немесе балконда тұрғанда балаңызды мықтап ұстаңыз.
- ◆ Бала балконға тек қана ересек адаммен шығуы тиіс.
- ◆ Балалардың терезелер мен есіктердің жанында ойнауына тыйым салыңыз.





СУДАҒЫ ТӘРТИП ЕРЕЖЕЛЕРІ


- ◆ Есіңде болсын: судағы ең үлкен қауіп – иірімдер мен шұңқырлар. Олар шомылушыны үлкен тереңдікке қатты күшпен тартатыны соншалық, тіпті тәжірибелі жүзгішке де одан жүзіп шығу қиын.
- ◆ Иірімге түсіп қалсаң, өкпеңе мүмкіндігінше көп ауа жинап, суға бат, содан кейін ағысқа қарай күшті серпіліс жасап, судың бетіне жүзіп шық.
- ◆ Балдырларға шырмалып қалсаң, қатты қимылдап, жұлқындан аулақ бол, себебі өсімдіктің ілмектері одан әрі қатая түседі. Арқаңа жатып, баяу қимылмен шетке қарай жүзуге тырысқан дұрыс.
- ◆ Есіңде болсын: белгісіз тереңдікке сүңгу қауіпті, өйткені басыңды түбіне соғып алуың мүмкін.
- ◆ Қайықтардан, катерлерден, өткелдерден, табиғи түзілімдерден (жартастар, құздар, қойтастар, парапеттер, қоршаулар және басқа да объектілер), сондай-ақ бейімделмеген құрылыстардан суға секіру қауіпті.
- ◆ Тексерілмеген және жабдықталмаған жерлерде суға сүңгуге болмайды. Жүзуге арналмаған заттармен жүзуге тыйым салынады.
- ◆ Есіңде болсын: «Шомылуға тыйым салынады!» белгілері орнатылған жерлерде ешқашан шомылуға болмайды!





ДАЛАДАҒЫ ТӘРТІП ЕРЕЖЕЛЕРІ

- ◆ Үйіңе тек өзің білетін көлікпен (троллейбус, автобус, трамвай, шағын автобус) қайт.
- ◆ Есіңде болсын: өтіп бара жатқан көлікті тоқтатуға, әсіресе жүргізушісі сені жеткізіп саламын десе де, көлігіне отыруға қатаң тыйым салынады!
- ◆ Бейтаныс жолаушылардың, автокөлік жүргізушілерінің жолды, дүкенді, дәріхананы және т. б. көрсету туралы өтініштерін елеудің қажеті жоқ.
- ◆ Көлік жүретін жол бойымен жүрсең, көлікке қарсы бағытта жүр.
- ◆ Көшеде біреумен танысу – проблемалардың, тіпті қауіптің көзі болуы мүмкін.
- ◆ Әңгімелесуден, дау-дамайдан, ұрыс-көрістен, қарымқатынасты анықтаудан, әсіресе егер олар қол жұмсау мен төбелеске ұласса, аулақ бол.





ОРМАНДА ӨЗИҢДІ ҰСТАУ ЕРЕЖЕЛЕРІ

◆ Орманда ересек адамдармен ғана серуендеуге болады.



◆ Жаңбырлы күні немесе ауа-райы бұлтты болса, серуендеуден бас тартқан жөн.



◆ Қозғалыс бағытын анықтау үшін компасты қолдан.



◆ Орманға бару үшін саған резеңке аяқ киім (етік дұрыс болады), шалбар немесе спорттық киім қажет (аяғыңды жылан мен жәндіктердің шағуынан қорғау үшін балағын аяқ киімге салып қой).



◆ Кенелер жабыспас үшін, міндетті түрде бас киім ки, мойның мен қолдарыңды жауып жүр.



◆ Бұталар мен қалың ағаштан өткенде, өте абай бол, бұтақтарды қолмен ақырын сырғытып ашып, баяу босат.

◆ Есіңде болсын: орманда өрт қаупін болдырмау үшін ашық от көздерін пайдалануға, от жағуға, қоқыс тастауға қатаң тыйым салынады. Орманда темекі шегуге тыйым салынады. Орман өрті – өте қауіпті, апатты табиғи құбылыс: температура өте жоғары болады, жанып жатқан ағаштар құлайды.





ӨРТ КЕЗІНДЕГІ ТӘРТІП ЕРЕЖЕЛЕРІ

- ◆ Өрттің алғашқы белгілері пайда болған кезде дереу 101 нөміріне қоңырау шал.

101



- ◆ Шұғыл түрде бөлмеден шық – өрт шыққан кезде жасырынудың пайдасы жоқ!



- ◆ Түтін ішінде қабырғаға сүйеніп, еңкейіп, бетіңді құлы шүберекпен жауып алып қозғал.



- ◆ ЛИФТІНІ ҚОЛДАНУҒА БОЛМАЙДЫ!



- ◆ Егер үйден шығу мүмкін болмаса, балконға шығып, есігін жауып, қатты айқайлап көмекке шақыр.

